

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№ 3

2025 жылғы 14 тамыз

Төрағалық етті: Э.Р. Шамсутдинов

Қатысқандар: тізім бойынша

Қатыспағандар: Э.Ж. Бейсимбеков, Р.Ж. Омаров, Д.А. Тоқмурзина

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2024 жылғы даму жоспарының және бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуы туралы

(Карсамова, Шамсутдинов, Сыздықов, Төлегенов, Айгазин)

1.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Экономика және қаржы департаментінің директоры М.Ш. Карсамованың баяндамасы назарға алынсын.

2. 2024 жылғы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру және 2025 жылға арналған іске асыру жоспарлары туралы

(Оңалбеков, Шамсутдинов, Сыздықов, Төлегенов, Қысықов, Айгазин, Мұстафина)

2.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және қорғау департаменті (бұдан әрі – КМҚҚД) директорының міндетін атқарушы С.Қ. Оңалбековтің баяндамасы назарға алынсын.

2.2. КМҚҚД бір апта мерзімде Қоғамдық кеңес мүшелеріне:

- субсидиялау құралы бойынша мониторинг нәтижелері туралы егжей-тегжейлі есепті;

- берілген кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындамау фактілері туралы ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етсін.

2.3. Мемлекеттік қолдау алу мақсатында ірі бизнестің жасанды ұсақталуын болдырмау мәселесін пысықтау жөніндегі Қоғамдық кеңестің ұсынымы қабылдансын.


3. Қазақстан Республикасының 2025 жылғы I жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы

(Хисматулин, Шамсутдинов, Төлегенов, Жапсарбай, Қосымбаев)


3.1. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Макроэкономикалық талдау және болжамдау департаментінің (бұдан әрі – МТБД) директоры В.Р. Хисматулиннің баяндамасы назарға алынсын.

3.2. МТБД тікелей шетелдік инвестициялар бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі статистикалық деректерінің алшақтығын талдасын.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Қоғамдық кеңесінің төрағасы**

 **Э. Шамсутдинов**

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Қоғамдық кеңесінің хатшысы**

 **А. Исмаилова**